

"Шалқар ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" Шалқар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 07 қазандағы № 224 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 12 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 07 қазандағы № 224 "Шалқар ауданының жергілікті атқарушы органдарының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4577 болып тіркелген, аудандық "Шежірелі өлке" газетінде 2015 жылдың 28 қарашасында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Шешімнің көшірмесі Ақтөбе облысының әділет департаментіне жолдансын.

Аудан әкімі

Е. Данағұлов